Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ленгер қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары және Қазақстан еспубликасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына байланысты заңнама талаптарын насихаттау

ХАТТАМАСЫ №1

Ленгер қаласы 28 наурыз 2024 жыл.

Төрағасы: Садыков Галымжан Бархытбекович - басшының сапа жөніндегі орынбасарының у.м.а.
Хатшылықта: Досболова Анар Өмірзаққызы – мамандар бөлімінің инспекторы.

Қатысқан қызметкерлер саны: 22 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары және Қазақстан еспубликасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына байланысты заңнама талаптарын насихаттау туралы.

Төрағалық етуші Г.Б.Садыков жиналысты ашық деп жариялап, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін заңгер А.О.Суттибаевқа сөз берді.

А.О.Суттибаев: Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды

қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті дей келе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп толыққанды мәлімет берді.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Г.Б.Садыков жиналысты қортындылады.

Жиналыс төрағасы: **Г.Б.Садыков**

Хатшы: **А.Ө.Досболова**